

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**«ОТБАСЫ KZ» ПОРТАЛЫНДА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ВОПРОСАМ РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА
ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ НА ПОРТАЛЕ «ОТБАСЫ KZ»**

Астана
2018 жыл

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығында
әзірленген*

«Отбасы kz» порталында орналастыру үшін балаларды ерте жастан дамыту мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2018 ж – 26 бет.

Пікір жазғандар:

К. Калкеева, п.ғ.д.

Ф. Омарбекова, меңгеруші

Д. Мусабекова, әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда ерте жастағы балаларды дамыту бойынша жас ата-аналарға, педагог мамандарға консультациялық көмек көрсету үшін материал берілген.

Аталған ұсынымдар ата-аналарға (заңды тұлғаларға), ерте жастағы балалармен айналысатын педагогтарға ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2018 ж. 6 маусымдағы № 4 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2018 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ерте балалық шақ –жалпы бала дамуының іргетасы, оның адам болып қалыптасуының бастапқы кезеңі болғандықтан бүгінгі күні ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту өзекті мәселелердің бірі. Дәл осы ерте жаста баланың денсаулығы мен интелекті қаланады.

Ерте жастағы баланы дамытудағы маңызды рөлді отбасы атқарады. Отбасы болашақтағы баланың әрекеттері мен мінез-құлқына басшылықтың негізі қаланатын «өмірдің алғашқы сабақтарын» береді. Баланың дамуында ата-аналардың әсері өте үлкен. Сүйіспеншілік пен түсіністік атмосферасында өскен балалар денсаулыққа және құрбыларымен қарым-қатынасқа байланысты мәселелерге жиі тап болмайды.

Кішкентай бала үшін отбасы – ол өмір сүретін, әрекет ететін, жаңаны ашатын, сүйіспеншілікті, жек көруді, қуануды, жанашырлықты үйренетін тұтас әлем. Бала отбасының болашақ мүшесі бола отырып, қайырымды, ашық, көпшіл немесе шыдамсыз, қатал, тәкаппар, өтірікші болып өседі.

Отбасының басты міндеті – баланы әлеуметтік қарым-қатынасқа, айналасындағы әлемге сенімділікке баулу, оның алғашқы әлеуметтік қажеттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай ерте жастағы балалары бар кейбір ата-аналар баланың мүмкіндіктерін аңғармайды. Олар баланы тамақтандырып, жуындырып, киіндіріп қарап, күтім жасау объектісі ретінде қабылдайды.

Қазіргі ата-аналар көбінесе ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мәселелерінде құзыретті емес. Ата-аналардың көпшілігінің балалардың жас кезеңінің ерекшеліктері, баламен тілдесу әдістері мен түрлері туралы білімдері болмағандықтан білікті педагогтардың тарапынан сауатты қолдауды қажет етеді.

Осы мәселелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейлерін арттыруға бағытталған «ОТБАСЫ KZ» порталы құрылды.

«ОТБАСЫ KZ» порталында балаға қамқорлық жасайтын ата-аналар мен басқа да адамдарға балалардың құқықтары, ерте жастағы балаларды дамыту, ата-аналардың рөлі мен жауапкершіліктері туралы ата-аналарға арналған материал орналастырылады. Сондай-ақ аталған порталда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне жаңадан енгізілген жаңалықтар, білім беру бағдарламаларының мазмұны, ерте жастағы балаларды дамытуға қолданылатын әдістер мен тәсілдердің инновациялық түрлері, мектепке дейінгі ұйымдар мен ондағы педагогтар мен ата-аналар жұмыстарының үздік тәжібелері туралы материалдар жарияланады және сауалдар мен жауаптар түрінде мамандардың консультациялық көмегі көрсетіледі.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – «ОТБАСЫ KZ» порталы арқылы ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ерте жастағы балалары бар ата-аналарды ағарту, ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыру;
- ерте жастағы балаларды дамытуда ата-аналарға консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналар мен мамандардың ықпалдастығын дамыту.

БАЛАНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

1-4 айда – жазық жерде жатып, қолдарымен сүйеніп, басын және кеудесін көтереді;

3-5 айда – басын тік ұстап, жан-жағына сүйеніп отырады;

4-6 айда – ішімен жатқан қалпынан арқасына аунайды;

5-8 айда – басқа адамның көмегінсіз отырады;

5-12 айда – аяғымен тұрады;

9-11 айда – еңбектейді;

9-16 айда – өзбетінше тұрады;

8-13 айда – заттарға сүйеніп жүреді

9-17 айда – өзбетінше жүреді

6 айдан 1 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері

6 айдан 1 жасқа дейінгі балалардың дамуы бала қозғалысының артуы мен оны қоршаған ортаны зерделеуінен байқалады, когнитивтік және коммуникативтік дамуы жеделдетіледі, бауыр басу және ата-анасымен қоштасу түрі өзгереді. Оның ата-аналар құптайтын, бірақ тәрбиелеуде қиындық келтіретін сапалары ерік-жігері мен ниеті дамиды.

Дене дамуы.

Бойдың өсуі баяулайды. Қолдаусыз отыра алады (7 ай шамасында), отырып айнала алады (9—10 айда) және заттарды қолына алады (9 ай шамасында), бірнеше объектпен бір уақытта қолдануға мүмкіндігі бар және жаңа заттармен эксперимент жасайды. Көптеген балалар еңбектей бастайды және 8 айда тұруға талпынады, ал 11-12 айында өзінің бірінші қадамын жасайды (өз бетінше немесе арба жетегімен). Бұл жетістіктер денеге қосымша қауіп келтіре отырып, баланың қоршаған ортаны тануына қабілетін арттырады. Астыңғы тістері шыға бастайды.

Когнитивтік даму

Барлық затты ауыз арқылы таниды: бала жаңа заттарды алады, оларды қарайды, қолынан қолына салады, лақтырады, сосын аузына салады. Әрбір іс-әрекеті заттың қолданысын түсінуін көрсетеді. Бала ойынының қиындығы, әр түрлі сызбалар немесе басқа заттарды қолдануы осы жастағы когнитивтік дамуын жақсы көрсетеді. Бала рахаттану, табандылық және күш арқылы

туындаған қиындықтарды шешуге тырысады, ол ішкі ынталандыру немесе жетілдіруге ұмтылысты көрсетеді. Бала өзін сенімді сезінсе ғана дағдылар жақсы дамиды, ата-ана мен бала бір-біріне тым жақын болмаса, онда ол экспериментті аз жасайды және оның дағдылары әлсіз болады.

6-12 айдағы дамудың маңызды кезеңі — заттың тұрақты болатынын ол көрінбеген жағдайда да түсінеді (9 ай шамасында). 4-7 айда бала жерге түскен доп соңынан қарайды, алайда оны көзімен таппаса, тез ұмытады. Заттың тұрақты болу түсінігі оны ересек адамның киімінің ішіне немесе арқасына тығылған затты іздеуді және табуды жалғастыруға мәжбүрлейді.

Эмоционалдық даму

Заттың үнемі болуы түсінігі әлеуметтік және коммуникативтік дамудың сапалық және сандық өзгерістерімен бірге жүреді. Бала жақындап келе жатқан бөгде адам мен ата-ана арасындағы көзқарасын кезекпен ауыстырады, ол кереуетін күшпен ұстауы немесе қорқып шыңғыруы мүмкін. Ата-анасымен айрылысу жиі қиындай түседі. Түні бойы жақсы ұйықтаған балалар ата-аналарының келесі бөлмеде жатқанын жақсы білсе де оянып, айқайлай бастайды.

Тәуелсіздікке деген жаңа қажеттілік пайда болады. Бала өзін тамақтандырғанға келіспейді: аузына әкеле жатқан қасықтан теріс бұрылады немесе өз бетінше ұстауға талпынады. Нанды, печеньені өз бетінше жеу ұсақ қимыл дағдыларын дамытады. Көбінесе тәуелсіз және білікті болу тілегі ата-ана бақылауына өзінің алғашқы ашу-ызасының туындауына немесе өзіндік қабілеттерінің шектелуіне әкеледі.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

7 айда балалар ауызша емес (ым, ишара) дағдылар көмегімен жақсы сөйлеседі, түрлі эмоцияларды дауыстың немесе беттің осы немесе басқа ырғағымен білдіреді. Бала 9 айында адамдар арасында эмоциямен араласуға болатынын түсіне бастайды; олар «Мына затты сіздер көргенде, мен сияқты бақыттысыздар!» деп тұрғандай, ата-аналарына ойыншығын қуанышпен көрсетеді. 8-10 айда буын («ба-да-ма») мен интонацияның пайда болуынан былдырлауы қиындайды да ана тілін еске түсіреді. Сол уақытта балалар олардың ана тілінде ажырамайтын дыбыстарды ажырату қабілетін жоғалтады. Нақты затты немесе адамды білдіру үшін үнемі қолданылатын бірінші осы сөзі бала заттардың үнемі болуын түсінген сәтте пайда болады.

Бұл жаста иллюстрациясы бар кітап сөздік қорды арттыру үшін тамаша материал болып саналады. Ата-аналар таныс кітаптарды қолдана отырып, күн сайын бір суреттерді көрсетеді және атайды; бұл баламен кері байланыс орнатуға көмектеседі.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері

Физикалық дамуы

Сенімді жүреді. Затты еденнен алуға еңкейеді. Токтайды, жүреді және кері қайтады, допты лақтырады. Аз уақыт бір аяққа тұрады. Жеңіл сүйемелдеумен баспалдақтан төмен түседі, өзі көтеріледі, бір орында секіреді, үш аяқты велосипедтің педалін айналдыра алады. Бір қолына екі затты ұстайды. Қарындашпен шимайлайды, кітаптың беттерін парактайды. 2-ден 6-ға дейінгі текшелерді бір-бірінің үстіне қояды.

Әлеуметтік-эмоционалды дамуы

Керек кезінде ересектерден көмек сұрайды, өзіне назар аудартады және оны сақтауға тырысады. Өзара қарым-қатынасқа түседі, күтеді, көмектесуге тырысады, мақсатқа жеткенде мақтаныш сезімін, толқу, таңдану, ашулану, қызғану сезімдерін көрсетуді бастайды. Құрдастармен бірге болуды ұнатады. Ерік-жігері дамиды. Ересек адаммен бірге жалғыз ойнауы мүмкін.

Көру қимылды үйлестіру

Сызықтар мен шимайларды сызады. Кесені ұстайды, оны көтереді және ішеді.

Қабылдау, заттық-ойын әрекеті

Бөлмедегі доптың қимылын бақылайды, пирамидадан сақинаны алып тастайды. Бет әлпетін өзгертеді (түрлендіреді) (жылау, күлу). Кітаптағы суреттерге қарайды.

Психикалық дамуы

Ол қоршаған ортадағы көптеген заттардың мақсатын түсіне бастайды. Бір затты ойыншыққа жету үшін құрал ретінде қолданады. Бірдей заттарды таңдайды. Өз есімін және айналадағы көптеген заттардың атауын біледі. Айнадан өзін таниды және шақырады. Кейбір дене мүшелерін атайды.

Коммуникативті дағдылардың дамуы

Бір жастан асқан кезде сөйлеуді түсіну қарқынды дамиды және сөйлеуді естуі жақсарады. Бала заттар тобының ішінен өзі танитынын көрсетеді, суреттен мысықты және т.б. жануарларды табады. Осы кезеңде ол өзінің көздері, мұрны қайда екенін көрсетеді. Баланың дауыс ырғағы мен әрекеттерге еліктеуі одан әрі дамиды.

Екі жастан асқанда белсенді сөздік қоры жинақталады. Сөздік қордың молаюы, сондай-ақ грамматикалық құрылымын меңгеру оның өмірі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Сөздердің алғашқы түсінігі бала үшін тек бір нақты заттың атауын білдіреді.

Сонан соң балалар белгілі бір затты сенсорлық қабылдауының көмегімен жылжытқанда, оны ұстап, иіспен көріп, дәмін татқанда сол сөзді – оның атауын ғана есте сақтамайды, сонымен қатар барлық заттардың жалпы атауы ретінде меңгереді. Бала өзге адамдар секілді заттармен нақты әрекет етеді және олардың атауларын меңгереді. Бала әртүрлі нысандардағы бірдей түс, пішін, өлшемді көреді және дәл сол түс, пішін, өлшемнің атауы әр түрлі

нысандарға болуы мүмкін екенін, яғни ол сын есімдердің жалпы мағынасын түсіне бастайды.

Сөздік қор – сөйлем құрастыруға болатын, белгісізді тануға және қарым-қатынас жасауға қызмет ететін құрылыс материалы болып табылады.

Бұл жастағы баланың тілін дамытуда сөйлеудің грамматикалық құрылымын меңгерту сөздік қорды жинақтауға қарағанда маңызды.

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері

Физикалық дамуы

Баланың өсу қарқыны 2-3 жаста бәсеңдейді. Бойы жылына 8-10 см өседі. Салмағына орташа жылына 2-3 кг қосады.

Баланың негізгі дене бөліктерінің үйлесімділігінің өзгеруі есебінен оның сыртқы бейнесі біртіндеп өзгереді. Осы жаста аяқтары жылдам өседі де бас өлшемінің артуы бәсеңдейді.

Осы кезеңдегі басты жетістік өзбетінше жүре білуі және сөйлеуді біртіндеп игеруі болып табылады. Баланың алғашқы қадамдары, денесін тік ұстауы, жаңа кеңістіктерді игеруі баланың физикалық, ақыл-ойы мен психологиялық дамуына үлкен үзілістер әкеледі.

Әлеуметтік-эмоционалды дамуы

Балалар өте күшті және ашық сезімдер мен эмоцияларға ұшырайды, бірақ оларды бақылауды әлі де білмейді. Баланы қабылданған әлеуметтік тәсілдермен басқаларға кесірін тигізбей, өзінің эмоцияларын білдіруге, өзінің мінез-құлқын бақылай білуге ойланбай жасалған қылықтардан алшақ болуға үйрету маңызды. Эмоционалды интеллекті дамыту балаға басқа адамдармен тілдесуге және өзара әрекет етуге көмектеседі.

Бала рұқсат етілген шектеулерді ынтамен тексереді және өзіне қажеттілерін таппаса өзіне сенімсіздігі және оның «Мен өзім!» деген өзін сезінуі пайда болады. Ол айналасындағы болып жатқандарға әсер ете алатынын түсінеді, күшін және тәуелсіздігін көрсетеді. Белсенді және дербес бола бастайды. Оны ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынас пен ойындар қызықтыра бастайды. Ол алғаш рет топпен қалай өзара әрекет етуді және ұжыммен тату болуды түсіне бастайды.

Көру қимылды үйлестіру

Сызықтарды салады, қарапайым пішіндерді қайталайды, қайшымен қияды.

Қабылдау, заттық-ойын әрекеті

Қабылдау дамиды, бала заттардың сапасын, қасиеттері мен белгілерін бөледі. Ол заттарды, олармен қимылды және олардың атауларын еске түсіреді, демек есте сақтауы мен сөйлеуді дамиды.

Заттық-манипулятивті ойын ойлауды дамытады және қолдардың ұсақ моторикасын қалыптастырады. Қолдардың ұсақ бұлшық еттерін, қимылдарын дамыту сөйлеуді және интеллекті дамытуға әсер етеді. Заттармен қимыл-

қозғалыс және зерттеу жүргізу түрлі көңіл-күймен сүйемелденеді, әлемді эмоционалды игеру жүреді.

Психикалық дамуы

Бала негізгі қарама-қарсы түстерді ажыратады және олардың атауларын біледі. Күрделі сюжетті-рөлдік ойындарды ойнай алады, балалар тақпақтарын жатқа айтады, басқа балалармен ән айтады және билейді, допты лақтырады және тебеді, кітаптар мен журналдардың беттерін ұқыпты ашады, өзінің ойыншықтарын басқаларынан ажыратады, бас киімін, носкиі мен қолғаптарын киеді.

Коммуникативті дағдылардың дамуы

Бала ересектермен белсенді араласады, алаң мен балабақшаға достарын қолынан ұстап жүреді.

Бала барынша коммуникативті, дербес болады. Ол енді кез-келген жағдайда анасына жүгінбейді, берілген тапсырманы өзі шешуге тырысады.

Ерте жастың басты басымдықтары:

- баланың қозғалу қабілеті, қоршаған ортамен байланысын кеңейтуге мүмкіндік береді;
- қабылдау, ойлау, қиялдау, қимыл, сөйлеуді дамыту жетілдірілетін заттық іс-әрекетті дамыту, баланың қарым-қатынасы мен санасын қайта құрады;
- бала үшін жаңа іс-әрекет түрі – сюжеттік ойынның пайда болуы мен дамуы;
- құрдастарымен бастапқы қарым-қатынас жасауы баланың әлеуметтік қарым-қатынас ортасын біршама кеңейтеді.

Заттық әлемді ашу

Бала заттық әлемді ерте, нәрестелік жаста ашады. Заттар әлемі оны қуантады және баулиды. Ол баланы анасымен қарым-қатынас кезіндегі міне-құлықтарға ұқсамайтын ерекше тәртіп түріне итермелейді. Өмірінің бірінші жартыжылдығында қарапайым заттық іс-әрекет пайда болады, ал бір жасына қарай затпен 50 түрлі қол қимылдарын жасай алады. Бала тынымсыз зерттеуші бола бастайды. Қолына түскен әр затты қарайды, ұстайды, аузына салады, онымен түрлі әрекеттер жасайды. Ол ересек адам затпен жасаған қимылды есте сақтайды және кейін сол қимылдарды еске түсіреді және солай жасайды (өзіне тән іс-әрекеттер).

Өзіне тән іс-әрекеттер көлемін кеңейтудің басты шарты – баланы қоршаған жақын туыстары. Олар жылулық, жайлылық, қамқоршылықтың қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар оның затпен жасаған іс-әрекеттері кезінде жақсы көмекшілер. Бала өзі үшін ересектің көмегінсіз адамның заттық мәдениетінің толыққандығы мен байлығын аша алмайды.

Бала ерте жаста затпен іс-әрекет жасаудың алғашқы қарапайым сабақтарын меңгереді. Ол әлі заттық әлемді ұзақ таниды, алайда осы алғашқы сабақтары оның әрі қарай толыққанды дамуы үшін ең басты болады.

Психология саласында алынған көптеген мәліметтер бойынша баланың негізі ерте жаста қаланған сөйлеуі, интеллекті, қиялы, есі, санасы және тұлғасы өздерінің пайда болуында заттық әлемге міндетті.

Ата-аналар естен шығармауы қажет:

- ерте жастағы баланың іс-әрекеттерінің табысты іске асуы үшін ересек адам баламен бірлескен және жеке іс-әрекеттерде серіктес, үлгі ретінд қатыса отырып, ол үнемі баламен тығыз ол қарым-қатынаста болуы;

- бала іс-әрекет үлгісін ұзақ меңгереді және табысты көрсету үшін оған үлгіні бірнеше рет қайталауы қажет;

- бала ересек адам тарапынан ынталандырусыз және эмоционалдық қолдаусыз өзінің іс-әрекетін дұрыс бағалай алмайды. Баламен кішкентай жеңісін бөлісе отырып, ересек оны әрі қарай қадам басуға итермелейді, сенімділік орнатады және заттық белсенділікке оңтайлы қатынас орнатады.

- бала үшін анасының қолындағы зат ең тартымды болады. Ол үшін зат пен іс-әрекеттің құндылығы жоқ, алайда баланың ересектермен түскен қарым-қатынасының мәні бар. Атап айтқанда, ересек адамдарға деген ерекше қарым-қатынасының арқасында балада оның үлгісімен жүруге, ол үшін іс-әрекеттің «қиын» талаптарына жетуге ниеті туындайды.

- егер ата-аналары өзінің баласымен бірлескен іс-әрекетке қатыспаса, онда ерте ме, кеш пе балада білуге құмарлығы мен белсенділігі төмендеуі байқалады, қарым — қатынас дамуының қарқыны баяулайды, белсенді сөйлеуінің туындауында кідіріс болады, интеллектісі төмендейді, ерік-жігер процесстері әлсіз қалыптасады.

Бала барлығынан бұрын ересек тарапынан оның іс-әрекетіне немқұрайлылықты төзбейді. Осындай жағдайда заттық іс-әрекет барлығынан әлсіз дамиды, бала ашушаң бола бастайды. Ол ересектерден эмоционалды жауап алу үшін өзінің іс-әрекетіне теріс баға беруге дейін барады.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУ

Сөйлеу — баланың психикалық дамуының жетекші процесі. Баланың қызбалығы, оның қажеттілігі, қызығушылығы, темпераменті, мінезі — тұлғаның барлық психикалық қоймасы оның сөйлеуімен анықталады. Ерте жастағы балаларда сөйлеуді дамыту процесі оларда ойлаудың пайда болу және қалыптасу процесімен байланысты. Ғылым біртұтастықты құрайтын болғандықтан, сөйлеуді дамыту мен ойлау бірге жүретінін дәлелдеп отыр.

Бір жарым жас — сөйлеу дыбыстарын белсенді түрлендіру кезеңі. Былдырлау өз шыңына жетеді. Ол әбден түсінікті адамдардың интонациясы мен мәнерлілікке ие болады. Оны тыңдай отырып, баланың ренжігенін немесе қуанғанын бірден түсінуге болады. Эмоционалдық былдырлап сөйлеу монологы өзінің көңіл күйіне байланысты түсінікті болатын шет тіліне ұқсас болып көрінеді. Осы жастағы әрбір балада үнемі әнге қосып айтып жүретін,

қайталайтын және бейнесін өзгертетін өздерінің жақсы көретін сөздері болады: ол «аба-ба-ба», «нәм-нәм» және т.б. Сөйлеу дыбыстарын бұлай түрлендіру баланы барынша рахаттануға, қуануға жетелейді. Сөздік ойындар артикуляциялық аппаратты жаттықтырады және сөзді тыңдауды дамытуға ықпал етеді. Көптеген балалардың сөздік қорында бірнеше былдырлап сөйлейтін сөздер бар. Дәл осы жаста негізі қаланатын былдыр сөздер белсенді өзбетінше сөйлеудің алғышарты болып табылады.

Бір жарым жаста заттық белсенділік саласындағы өзгерістер барлық бағыттарда жүреді, оның барлығының негізінде ересектерге «бер, әкел, көмектес, көрсет, мен өзім» деп өтінішпен жүгінуден басталатын баланың сөйлеуін дамыту жатыр. Сөйлеуді дамыту сәбиді оларды тек көрнекі қасиеттерінің негізінде ғана емес, сонымен қатар әрекеттің тұтас процестеріне: тамақтандыру, тамақ дайындау, кір жууға тиістілігін, мағынасына қарай заттар мен әрекеттерді жинақтау мен жіктеуге баулиды. Сөйлеуді дамыту баланың өміріне әрекетті көрсетуге емес, түсіндіруге негізделген заттық әрекетті меңгерудің барынша бірегей, таза адами тәсілдерін енгізеді. Осы уақытта дыбысталуы бойынша жақын дыбыстарды тыңдау және ажырату фонематикалық есту белсенді дамиды. Бұл қабілеттілік ересектермен қарым-қатынас жасау практикасында алғашқы екі жылда, соның ішінде бір жарым жаста қарқынды дамиды.

Екі жастан бастап үш жасқа дейінгі бір жылда, балалардың сөздік қоры айрықша және тез қарқынмен дамиды, жақсы жағдай жасалған кезде осы жастағы балалардың білетін сөздерінің саны мыңға дейін жетеді. Мұндай үлкен сөздік қор балаға белсенді сөйлеуді қолдануға мүмкіндік береді.

Балалар үш жасқа қарай сөз тіркестерімен, сөйлемдермен сөйлейді. Олар сөздермен өз қалауын білдіреді, өзінің ойы мен сезімін жеткізе алады.

Ана тілінде сөйлейу және тыңдау

Ата-аналардың кішкентай баласымен өз ана тілінде сөйлескені маңызды. Осылайша, ана тілі бала үшін алғашқы тіл болып қалыптасады, мәдениет пен дәстүр балаға тіл арқылы беріледі. Ана тілін меңгеру болашақта баланың басқа да тілдерді меңгеруіне кедергі келтірмейді. Шын мәнінде, кішкентай балалар көбінесе өзге тілдерді ана тілін игергеннен кейін оңай үйренеді.

Бала еститін алғашқы сөздер ана тілінде айтылуы үшін ата-аналар заттардың, дене мүшелерінің атауларын және әрекеттерді жеткізуде ана тілін қолдану керек. Ана тілінде сөйлесу, ән айту, ойындар ойнау, ән, ұйқастар, қысқа өлеңдер, сөз тіркестерін және т.б. ойлап табу ұсынылады.

Халық ертегілерімен бірге ана тілінде әңгімелер мен ертегілер айтып беріңіз. Балаларға кітап оқып отырып ондағы суреттердің мазмұнын талқылаңыз немесе кітап өзге тілде жазылса да ондағы әңгіме-ертегілерді ана тілінде айтып беріңіз.

Баланың сөздік қорын молайту үшін өзге және жаңа сөздерді қосыңыз. Мысалы, егер бала екі итті көрсетіп, сіздің ана тіліңізде «ит» десе, сіз: «Иә, міне, мұнда екі қара ит бар», – деп толықтыруыңызға болады. Әңгімені әрі қарай жалғастыру балаға қызықты болу үшін қуыршақтарды қолданыңыз.

Толыққанды сөйлеуді дамытудың негізгі шарттары:

Бала өмірге келген алғашқы күннен бастап онымен міндетті түрде сөйлесу сөйлеуді дамытудың алғашқы және анағұрлым маңызды шарты мен тәсілі болып табылады. Бала үшін анасы – өмірдің, сүйіспеншіліктің, еркелетудің, жағымды көңіл-күйі мен реніштерін білдіретін жақын сырласу көзі. Осыған байланысты анасының аузынан шыққан сөзі өте әсерлі болып қабылданады.

Бала сөйлеп тұрған адамының бет әлпетін көруі керек

Балалардың тілін табысты дамыту үшін тек есту қабілетіне ғана емес, сонымен қатар көру және сезу қабілеттеріне де өзара әсер ету керек. Бала ересек адамды тек тыңдап қана қоймай, сондай-ақ сөйлеп тұрған адамның бет әлпетін көруі қажет. Балалар ересектердің бетіне қарап, ересектерге еліктеп, сөздерді өздері айта бастайды.

Ересектер сөздерді дұрыс айтуы қажет

Бала ерте жаста өзінің сөйлеу аппаратын жеткілікті түрде жақсы меңгермегеніне және барлық дыбыстарды дұрыс айталмауына қарамастан, ересектер сөздерді дұрыс айтуы қажет. Балалармен «олардың» тілінде сөйлесуге болмайды. Бала жақсы сөзді қабылдай отырып, өзі де жақсы әрі дұрыс сөйлеуді меңгеруге ұмтылады.

Балаларға кітап оқып беру балалардың тілі мен ойлауын дамыту құралы болып табылады. Бұл балаларды қызықтырады, оларға ұнайды, және барынша ерте жастан ересектерге еліктеп, балалар өздері де кітаптарды қарауды, оны «оқуды», оларға оқып бергенінен жаттап алып түсінгенін айта бастайды. Балалар қызықты кітапты кейде толығымен жаттап алады.

Ойыншықтармен ойнату кішкентай балалардың тілін және ойлауын дамытуға көмектеседі, сондай-ақ оларға ойыншықтар өз бетінше ойнау үшін берілмейді, олармен қалай ойнау керектігі де көрсетіледі. Сөзбен сүйемелденетін талапқа сай ұйымдастырылған ойындар олардың дамуы үшін барынша ықпал ететін ерекше шағын спектаклдерге айналады. Кіші жастағы балалар жалғыз өзі ойнасада өз ойын дауыстап білдіріп, сөйлейді, ал ересек жастағы балалар ойынды өз бетімен, үндемей ойнайды.

Дұрыс ұйымдастырылған сыртқы ортаның ерте жастағы бала үшін маңызы зор. Белсенді әрекет пен сенсорлық әсерлердің шектелуі үшін жағдайдың болмауы жағымсыз фактор болып табылады. Қозғалыстарды шектеу сәбидің физикалық тұрғыдан дамуына ықпал етеді, танымдық белсенділігін азайтады, қажетті ақпараттың жетіспеушілігі баланың сезгіштігі мен зеректігінің азаюына алып келеді. Бастапқысы да және соңғысы да, яғни екеуі де баланың дамуындағы кешеуілдеуге жол береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Туғаннан 3 жасқа дейінгі ерте жаста баланы дамытудың ерекшеліктері байқалады: ол жылдам қозғалады, еңбектей бастайды, кеңістікті шарлайды, жолында кездескеннің бәрін зерттейді. Заттармен әрекетте баланың сенсорлық қабілеті дамиды: аударады, лақтырады, ақтарады, барлығын ұстап, дәмін татып көргісі келеді. Сонымен қатар, баланың кітаптарға деген қызығушылығы пайда болады, бала суреттерді мұқият қарайды және беттерді парақтайды. Есте сақтау қабілетінің қалыптасуы байқалады. Бала көп нәрсені түсінеді және есте сақтайды, өтінішке жауап қайтарады. Ерте жаста балалар жалғыз қалуды ұнатпайды, өзара әрекеттесуде оған жауап беретін объектімен байланыс орнатуға талпынады.

Дәл осы жылдары баланың физикалық және психикалық дамуында сапалы өзгерістер болады, сондықтан ата-аналар үшін маңызды мәселелерге назар аудару және ерте жастағы балалар әрекетінің барлық салаларында жаңа дағдыларды тиімді меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасау маңызды.

Осы жаста балаға қамқорлық пен жылулық сезімін беру, оған қоршаған әлемді түсінуге және қабылдауға үйрету өте маңызды. Онымен мүмкіндігінше көп сөйлесу керек. Мұны мейлінше қарапайым, бірақ нақты жүргізу қажет. Суреттерді көрсету және сұрақтар қою. Сондай-ақ «Не?», «Қайда?» сұрақтарының көмегімен балаға қоршаған ортадағы заттарды ажыратуды қарапайым тұрмыстық ортадан бастап орындық, төсек, шам, кітап және т.б. үйрету маңызды.

Бұл кезеңде балаға қауіпті болуы мүмкін нәрсені түсіндіру өте маңызды және әрине кеңістікте еркін және қауіпсіз жүре алатындай оған зиянын тигізетін барлық заттарды жасыру керек. Ата-аналар өзге адамдармен араласуға үйрету керек.

Тәрбие үдерісі зор түсіністік пен шыдамдылықты талап етеді. Ата-аналар үшін балаларды ерте жастан дамытудағы басты мәселеге баланы қалай және қашан үйрету және оны қалай дұрыс жасау керектігін білмеуі жатады.

Мазмұны

1. Түсіндірме жазба.....	3
2. Баланың даму кезеңдері.....	4
3. Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамыту.....	9
4. Қорытынды	12